

Әскери-патриоттық тәрбие

Ахметов Қ.Б.

Шет ауданы Абай атындағы ЖББМ

Саликов Ж.К., Омаров О.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Зекенов Ж.

М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназия, Қарағанды қаласы.

ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Көп ұлтты Қазақстан Республикасы үшін патриоттық сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар.

Патриоттық рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкүндік беретін бірден - бір күш.

Отансыз адам - қай жерде де бейшара адам. Тіпті миллиардқа малынып, бай боп шетелде жүрсең, сен бәрібір шетелдіксің. «Басқа елде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол», - деп ата-бабамыз өсиет қалдырған болатын. Сондықтан қазақтың баласы қай жерде жүрмесін өз Отанын сүйіп, Отанының тәуелсіздігі мен болашағы үшін қасық қанына дейін аямауы керек. Осы үш қасиет болса, біздің еліміз қалай да өркендейді [1].

Патриоттық сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Кейде шіркін бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан - байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз. Өз сауалымызға өзіміз жауап тауып «Найзаның ұшымен, білектің күшімен, ақылдың ісімен» - деп мақтанамыз. Ешбір қатесі жоқ. Тегеурінді күштің тетігі жүрек қуатынан нәр алғанда ғана қозғалысқа келмек. Ұлан майдан ұлы істе де жеке дара жекпе-жекте де рухы мықты ұтады. Жайшылықта әрқайсысы бір түйе айдап, жеке жайылатын жұртымыздың ел басына күн туғанда бір төбеге жиылып, бір ауылына ұюы, бір жағадан бас, бір жеңнен - қол шығарып, тастүйін тегеурінді күш болып аттануы осындайда бәрінен биік тұрса қандай ғанибет.

Бұрын соңды даму процессінде патриотизм ұғымы бізде негізінен біртекті халықтың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыруға қызмет етіп келгені белгілі. Сонау Мөде хан, Жәнібек пен Керей, Тәуекел мен Тәуке, Есім мен Қасым, кейінгі Абылай мен әбілқайыр хандардың тұсындағы ахуал да осындай болатын. Ал қазір елдік мақсаттары көпұлтты қоғам жағдайында шешілу керек. Өзгемен санаспай өзіміздікі істеймін деу өркөкіректік болар еді.

Әр түрлі себептермен қалыптасқан нақты тарихи шындыққа шекеден қарау ешқашан да ел тағдырына деген жанашырлық болып шықпайды. Нағыз жанашырлық қиыннан жол таба білумен бағаланса керек.

Қазақстан егемен ел болып қалыптасып, өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Оның басты құндылықтары – ана тілі, ұлттық рух, діни наным-сенімдермен тығыз байланысты.

Бүгінгі күнге дейін сақталып, тәуелсіз мемлекетке ие болу дәрежесіне дейін көтеріліп отырған қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Білгеқаған, Тонкөктен бастап жерін, елін, тілін, дінін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы.

Жоңғар сияқты әскери елмен алысуға, Ресей патшалығының зеңбірігіне қылышпен қарсы шабуға жетелеген де осы патриотизмнің қуатты күші.

Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айтыс өнері, ою-өрнектері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандарды ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ождан жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ патриот ұрпағын тәрбиелеуде олардың бойына ізеттілік,

қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алсақ, ол өте ұтымды болар еді.

Патриоттық сезіммен, рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар[2].

Оны былай қойғанда әрбір ұлттық экономиканың өз табиғаты, өз даму заңдылықтары бар. Өз тамырынан өршітпесең бұтағын кесіп бұтарлап биіктетуге көне бермейді. Өркендеуге де өзегі қанша өркениетке сүйенгенмен өз тілін білетін өндіргіш күш керек. Бұл әлемдік тәжірибие әбден мойындатқан шындық өз керуенін түзеген мемлекет мұны қалай ескермессің!. Ұлы Абай атамыз «Басқа тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» - деген ғой.

Қалайда төл теңгеміздің айналымға енуі, еліміздің ақ ниетті азаматтарының бәрінің патриоттық рухын бір көтеріп тастаған оқиға болғаны сөзсіз.

Патриоттық рух - қазақ елінің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүние жүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Көп ортасында көзге түсу үшін де кемел болмыс керек. Төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға да қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен қадыр-қасиетінді өзін жақсы білуің, мақтаныш ете алуың керек.

Отаныңды сүю дегеннің мән-мағынасы да осылай ашылады. Оған орынды мақтанышпен қоса кемшіліктің орнын толтыруға деген құлшыныс пен қиындыққа қайыспай төзе білу де қосылады. Елдікті ұлттық намысты бәрінен жоғары қою - отансүйгіштіктің ең басты белгісі.

Көптеген сөздіктерге, энциклопедиялық анықтамаларға сүйенсек, патриотизм - өз Отанына деген сүйіспеншілік, адалдық, оған қызымет етуге, оны ішкі-сыртқы жаулардан жанпидалықпен қорғауға әрдайым әзір болу дегенге саяды екен. Мұндағы басты нәрсе - кейбір қиындықтарға, күйзелістерге тап болса да әрбір азамат Отанын да, өзінің де келешегіне үлкен сеніммен, үмітпен қарауға міндетті. Ол үшін бізге отансүйгіштік, патриоттық, ұлттық сана - сезім қажет. Бұл қасиеттер студенттердің бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен тәрбиемен бітеді.

Осыдан отыз үш жыл бұрын тәуелсіздігін жариялаған, көк байрағын көтерген еліміз үшін өзінің ұрпағын, кемелді келешегін, оның ішінде патриоттық - отансүйгіштік арнада тәрбиелеу қажеттілігі туып отыр.

Соңғы жылдардағы философия, этнография тарауларындағы «халықтық мәдениет», «дәстүрлі мәдениет», халықтың төл мәдениетін танып-білудің негізі - мәдениеттің мәні болып табылатын руханилыққа тән формалары болып табылатын көзқарастарды студенттерге патриоттық тәрбие берудің маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастырумен құнды. Бұл тұрғыдан келгенде патриоттық тәрбие - халық тұрмысының барлық саласынан көрініс табатын материалдық және рухани мәдениетпен астасып жатқан күрделі тарихи қоғамдық құбылыс.

Демек, қай халықтың болмасын тәрбие дәстүрлерінің пайда болып жетілуі, атқаратын қызметі уақыт пен кеңестіктен тыс құбылыс емес, қайта бұл процестер қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, тарихи өзгерістермен, ғылым мен мәдениеттің өркендеуімен, өзге де қызмет түрлерінің дамуымен тығыз байланысты.

Олай болса, халқымыздың тарихи жолында жинақталған тәрбие тәжірибесі мен этнопедагогикалық ойлары көрініс беретін салт-дәстүр, халық шығармашылығының түрлері, шаруашылық кәсібі, қоғамдық өмірі, материалдық мәдениет ескерткіштері этнопедагогиканың ғылыми зерттеу объектісіне айналуы аса қажет.

Оқушылардың бойында нағыз «қазақстандық патриотизм» сезімін қалыптастырғымыз келсе, мемлекетіміздегі барлық этностар күнделікті болып жатқан күрделі мәселелерді біліп қана қоймай шын жүректен сезінулері керек. Сонда ғана «қазақстандық патриотизмді» қалыптастыру, дамыту нәтижелі болмақ – деп атап көрсетеді [3].

Білім - бүгінгі өмірдің ең үздіксіз дамымалы сатысының бірі. Жас ұрпаққа осы заман талабына сай білім мен тәрбие беретін сауатты, патриот мамандар даярлау мәселесін шешу жолдары Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту тұжырымдамасында» кеңінен қарастырылған. Мысалы «Білім беру саласында қалыптасқан

ахуал республиканы дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғарғы дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұжымдық құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді» деген жолдар жоғарыдағы айтылғандардың дәлелі [4].

Ол мәдениетті сақтаудың және оны келешек ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады. Білім қоғам дамуының зиякерлік қана емес, сонымен қатар экономикалық базасын жасайтын өндірістік рухани маңызды саласы. Адам білім арқылы ғана жеке басының қажеттілігі мен өзіндік дамуын қанағаттандыра алады.

Халқымыздың мыңжылдықтарды бойлап кететін тарихына көз жүгіртсек, патриотизмнің ғаламат үлгілерін көріп, таңдай қағамыз. Сонау «Орхон-Енисей» тас жазбаларындағы Күлтегіннің «Түркі елім үшін көз ілмедім, күндіз отырмадым. Ащы жасымды, қызыл қанымды ағыздым» деген ұлы өсиеттерінен үлгі алған халқымыз өз ұрпағын ерлікке, елдікке баули білген. Күні кеше ыдырап кеткен Кеңестер Одағының құлаған үйіндісінің астынан Қазақстан күлден жаралған Феникс құстай өркениетті Республика болып кереге жайуы, шын мәнінде, халық бойына ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлы қасиетті патриоттық сезімдердің ұлы көрінісі. Рас, ата шежіре шертетін сырға жүгінсек, ата-бабаларымыз дәл Кеңес дәуіріндегідей патриотизмге тәрбиелеудің жүйелі тезінен өтпеген, тек жоспарлы шаралармен шектеліп шырмалған. Сөйте тұрса да олардың бойында патриоттық тәрбие ананың ақ сүтімен, тал бесікте естіген әлдімен, есейе келе санасына сіңген рухани игіліктермен бірге қалыптасқаны күмәнсіз. Халқымыздың басынан өткен шапқыншылықтар мен орталық езгі салдарынан жойылып кетпей, бүгінгі таңда тәуелсіздік туын көтерген мемлекет, қазақ деген ұлт атанып отыруы осынау патриоттық тәрбиенің арқасы десек, ақиқаттан алшақтамаймыз. Туған елін, жерін қорғау жолында бабаларымыз қыршын ғұмырын да, жиған-тергендерінде де аямаған. Сонау Жоңғар, Хиуа мен Бұхара хандарының шапқыншылығы дәуірінде ата-бабаларымыз жаппай ерліктің үлгісін көрсетті. Содан бергі тарихымыздағы империяға қарсылық көрсеткен көптеген ұлт-азаттық көтерілістері жұртымыздың дербес ел болу жолында керемет қаһармандықтарға бара алатындығына куә болдық. Тіпті, басқасын айтпағанның өзінде, Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының құрамында болған ұлттар мен ұлыстар арасында ерлік көрсету көрсеткіші жағынан қазақтардың шоқтығы биік.

Ресми деректерге сүйенсек, қыркыншы жылдардың қырғынына қайысқан қазақ ұлты перзентінің жүз біріне Кеңес Одағының батыры атағы беріліпті. Яғни, жалпы көрсеткіш бойынша Одақтың негізін құраған үш славян халқы мен еврей және татарлардан кейінгі орында қазақтар тұр. Өктемдігі жүріп тұрған ұлттың кейбір өкілдерінің тарапынан болған кейбір әделетсіздіктерді, солақай саясатты есепке алсақ, халқымыздың қаһармандығы күмән қалдырмайтын ақиқат. Бұл - патриоттық тәрбиенің жемісі. Оның ішінде ізгілікке, адам сүйгіштікке, парасаттылыққа негізделген игілігі. Егер «патриотизм» деген қасиетті ұғым жекеше адамдардың, топтардың, тіпті тұтас этностық немесе діни бірлестіктің эгоизмі мен пайда табу мақсаттарына пайдаланатын болса, онда оның зардабы ұшан-теңіз.

Өткен ғасырдың пешенесіне бұйырған екі бірдей жиһандық соғыстың аралығындағы Германияның мысалы жоғарыда айтылған пікірімізге көрнекі дәлел бола алады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ойын құнын көтеріп, экономикасы тұралап қалған елді дер кезінде ұсынылған ұлттық идея – неміс патриотизм желеп топтастырып, халық шаруашылығын қалпына келтіріп қана қойған жоқ, аз ғана уақыт ішінде қарыштап дамуға жеткізді. Ұлтшыл патриотизмнің жаппай қанат жайуы нәтижесінде өрлеп, шарықтау шегінде фашизмге айналған бұл идея өзі дүниеге әкелген державаны ақыры күйретіп тынды. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Жапон империализмі туралы да осындай тұжырым жасауға болады. Сондықтан да белгілі қоғам қайраткері Джонсон «патриотизм» ұғымын жеке мүддеге бағындырғандар жайлы «Оңбағанның ең соңғы жеткен жері – патриотизм» деген қанатты сөзі шындықты дәлелдей түседі.

Әрине, жоғарыда айтылған жағдайлар негізінен белгілі бір ұлт өкілдері басымдылық танытатын елдерде орын алатыны белгілі жағдай. Ал басқаларға өктемдік жүргізбек түгілі өз жерінде өгей баланың күйін кешіп, тілі мен діні, ділі қажу көріп келе жатқан қазақ тәрізді

ұлттың атын иеленген республикада патриотизм қалай дамып, ұлттық идея қандай негізде ілгерілеуі керек - деген заңды сұрақ туады. Яғни, елдегі этностық топтардың тарихи сабақтастығына һәм мұқтаждықтарына нұқсан келтірместен бүкіл республика тұрғындарын жалпы халықтық ортақ мүддеге жұмылдыру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Соған сай республиканы мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қазақстандық қоғамның ұйтқысы болып отырған қазақ халқының төңірегіне топтасуы қазіргі уақыт алға тартып отырған қажеттілік екенін саналылықпен түсінуі және түйсінуі керек. Сонда ғана жарастықты салтанат құрып, баршаға бірдей игілігін тигізеді. Яғни, шынайы интернационалист болуы қажет.

Сонымен біз мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру теориясының жай-күйін талдай отырып, қазіргі кезде патриоттық тәрбие проблемаларын айқындауға талпыныс жасадық. Сондай проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты орта білім беру мектептерінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы ұлттық педагогика негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру екендігін анықтадық.

Әдебиеттер:

- 1.Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады //Егемен Қазақстан. - 1998. - 10 қаңтар.-№6.- Б.2.
- 2.Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001. - Б. 224.
- 3.Ембергенова Ж. Халықтық педагогика құндылықтарының жастардың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негіздері (Арнайы курс бағдарламасы).-Жезқазған: Полиграфия, 1998. - Б.18.
- 4.Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту турал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

Джумагельдиев Э.Т., Изтелеуов Б.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Оспанов М.Ж.

№ 16 орта мектебі КММ, Қарағанды қаласы
Кудайбергенов А.Б.

Шет жалпы білім беру мектебі, Қарағанды қаласы
Балғабеков Е.С.

Шет ауданы Сәкен атындағы ЖББМ, Қарағанды қаласы

ОҚУШЫЛАРҒА ХАЛЫҚТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда.

Кеңес Одағы кезінде мектеп оқушыларын тәрбиелеуге арқауы болған «социалистік патриотизм» ұғымы сол идеологиямен бірге жойылды. Қазіргі заманда біздің халқымыздың патриотизмі экономиканы қайта құруда, қоғамды рухани жаңартып демократияландыруда, плюрализм пікірін бекітуде және әлеуметтік орта мен идеологиядағы сол бір тоқырау кезеңдерінің әсерінен туған жікшілдік пен бұрмалаушылықты жоюдағы күреске бар күшті ынталандыру болып табылады. Мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан